

Дыбысты ажырату кезеңіндегі логопедиялық сабақ жоспары

Тақырыбы: С – Ш дыбыстарын ажырату

Кезең: дыбысты ажырату кезеңі

Мақсаты:

Білімділік:

- С-Ш дыбыстарының артикуляциясын нақтылау, дыбыстарды буында, сөзде, пароним сөздерде, сөйлем ішінде ажырату, дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру;

Түзете – дамытушылық:

- фонематикалық қабылдауын, ойлау, зейін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

Тәрбиелік:

- педагогты зейін қойып тыңдай білуге, тапсырманы ұқыпты әрі нақты орындауға машықтандыру;

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар, бүгін біздің сабаққа насос пен жылан қонаққа келді. Сендерге өздерінің ғажайып қалтасын әкеліп, заттарын көрсеткісі келеді. Ал біріншіден еске түсірейік!

- насос қандай дыбыс шығарады? (ш-ш-ш),

- ал жылан ше? (с-с-с).

Олай болса, С-Ш дыбыстарының артикуляциясына тоқталайық.

II. Шатастыратын дыбыстар артикуляцияларындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын анықтау және оларға сипаттама беру:

С дыбысын айтқанда ерін езу тартып, күлген кездегідей, тістер көрінеді.

— Тілдің ұшы төменгі тістердің түбіне тиеді.

— Тілдің ортасы көтеріңкі, ортасында жырашық болады, сонымен ауа жолы жүреді, жабық дауыс шымылдығының дірілінен С дыбысы шығады.

Ш дыбысын айтқанда ерін дөңгеленеді де, алға қарай жиырылады,

- тыныс тілдің арасынан бірқалыпты шығады, алақанды ауызға жақындатқанда жылы дем сезіледі.
- Жабық дауыс шымылдығының дірілінен Ш дыбысы жасалады.

III. Артикуляциялық гимнастика:

«Дуал» жаттығуы

Жоғарғы және астыңғы тістерді көрсетіп қиналмай жымию

«Жалпақ тіл» жаттығуы

Ауызды кішкене ашып, жымыып, жалпақ тілді астыңғы ерінге қою керек. Бірден беске – оңға дейін санап осы қалыпта ұстау керек.

«Сағат» жаттығуы

Тілді ауыз қуысынан шығарып, оңға, солға қимылдату керек.

IV. Дыбыстық талдау, жинақтау бойынша жұмыс:

Дыбысты буында, пароним сөздерде дұрыс айту.

Са-ша сым-шым

Со-шо ас-аш

Су-шу ос-ош

Сы-шы ус-уш

Сай-шай ыс-ыш

Сал-шал асық-ашық

Асыл-ашыл асыл-ашыл

Қасық-қашық ста-шта-ста

1-тапсырма: «Ашық буынды жабық буынға алмастыр» (доппен)

- са-ас
- ша-аш
- со-ос
- шо-ош
- су-ус
- шу-уш
- әс-сә
- шү-үш
- ше-еш.

2-тапсырма: Көп нүктенің орнына С-Ш дыбыстарын қойып, мәтінді оқу.

Мысық пен тышқан.

Мы...ық ты...қанды қуды.

Ты...қан далаға қа...ты.

Ол аға...тың ара...ына тығылды.

Мы...ық ты...қанды таба алмады.

Мимикалық жаттығулар

- Мына заттарды жедік деп елестетейік!

Қышқыл лимон

Тәтті конфет

Ащы бұрыш

Тәтті, шырынды алма

- Аталған заттарды жеген кезде түрінің қалай өзгертіндігін көрсетеді.

3-тапсырма: «Адасқан әріптер»

Шабак оқып, бес алдық, Бөркін киіп башына

Бүгін алдық, кеше алдық. Үйден сықты асыға.

Ілінді сортаң қармаққа, Төбет шүйек кемірді

Шортанды өзің салмақта. Содан күнде семірді.

4-тапсырма: Жаңылтпаш айтып жарысайық.

Сорпа іштік Асан массаж жасар

Сорпа ыстық, Массаж жасап шаршар.

Сондықтан

Қорқа іштік. Шын еңбекші — өрмекші,

Өрмекші шын — өрнекші.

V. Үйге тапсырма:

.– Бүгін қандай дыбыстарды дұрыс айтып, қайталадық?

— С-Ш дыбыстары дауысты ма, дауыссыз ба?

VI. Сабақ қорытындысы:

Мадақтау